

"Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы" облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2014 жылғы 14 мамырдағы № 214 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 2 маусымда № 3916 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5 тармағына және «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 223, Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5675 тіркелген, бұйрығына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 235 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтардағы «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» № 6-7 жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген шешіммен бекітілген жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының мөлшері жаңа редакцияда қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Облыстық мәслихаттың</i>		<i>Облыстық</i>	
<i>сессия төрағасы</i>	<i>мәслихаттың хатшысы</i>		
<i>Т. ТАЛАЕВА</i>	<i>С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА</i>		
2014 жылғы	14 мамырдағы	№	214
	облыстық мәслихаттың		шешіміне
қосымша			
2009 жылғы	21 желтоқсандағы	№	235
облыстық	мәслихаттың		шешіміне
қосымша			

Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларының МӨЛШЕРІ

Жайық, Сағыз, Ембі, Ойыл өзендері бассейні

№ р/ с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	95,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	274,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	76,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	74,0
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	194,0
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	9,4

Торғай, Ырғыз өзендері бассейні

№ р/ с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	82,0
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	231,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	64,0
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	64,0
5.	Су көздерінен балық аулайтын балық шаруашылығы, тұтынушылар	теңге/тонна	166,0
6.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
7.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.